

“Kazcat”

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
(“Kazcat” АҚ)

ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ
ПРОСПЕКТІСІ

5 000 000 қамтамасыз етусіз купондық
облигациялар

Облигациялар шығарылымын уәкілетті органның мемлекеттік тіркеуі инвестордың проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай бір ұсыныстарды беруін білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың дұрыстығына жауап бермейді. Облигациялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкестігіне ғана қаралды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың дұрыстығына жауап береді және ондағы ұсынылған барлық ақпарат дұрыс және эмитент пен оның облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Қаржылық есептілік аудитін аудитор Ахметова С.К. жүзеге асырды, «Торелик» аудиторлық компаниясы, 22.06.1995 ж. № 0000138 аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия

I. Эмитент туралы мәліметтер

2. Эмитенттің толық және қысқартылған атауы:

Қоғам	Толық	Қысқартылған
Мемлекеттік тілде	«Kazcat» акционерлік қоғамы	«Kazcat» АҚ
Орыс тілінде	Акционерное общество «Kazcat»	АО «Kazcat»

Эмитент атауының өзгеруі туралы мәліметтер:

Толық атауы	Қысқартылған атауы	Өзгерген күні
«Зерде» ашық акционерлік қоғамы Открытое акционерное общество «Зерде»	«Зерде» ААҚ ОАО «Зерде»	2000 жылғы 25-тамыз
«Зерде» акционерлік қоғамы Акционерное общество «Зерде»	«Зерде» АҚ АО «Зерде»	2005 жылғы 22-маусым
«Kazcat» акционерлік қоғамы Акционерное общество «Kazcat»	«Kazcat» АҚ АО «Kazcat»	2006 жылғы 30-маусым

3. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер: № 34938-1910-АҚ, 2006 жылғы 30-маусым Әділет департаменті Алматы қаласы.

4. Салық төлеушінің тіркеу номері: СТН 600500080420

5. Эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефондары және факс номерлері, электрондық поштасының мекен-жайы туралы ақпарат:

Орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 19-үй, 8-қабат, 2 «Б» павильоны, «Нурлы-Тау» тұрғын ауданы – қала эспланадасы
Коммуникациялық деректемелер	тел. (327) 2596261,2777992 e-mail: kazcat@mail.ru

6. Эмитенттің банктік деректемелері: «ЦентрКредит Банкі» АҚ АҚФ, БСК 190501719, КБе 17 – есеп-шот: № 302467315, валюталық шот USD: № 037070789
«Казкоммерцбанк» АҚ АФ, БСК 190501724, КБе 17 – есеп-шот: № 116467796, валюталық шот USD: № 880070172

7. Эмитенттің құрылуының және қызметінің қысқаша тарихы. Эмитенттің құрылу және қызметінің мақсаттары. Эмитент қызметінің түрлері: Қоғам 25.08.2000 ж. құрылған және заңды тұлғалардың бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімін жүргізу және бағалы қағаздарды тіркеу жөніндегі кәсіби қызметті жүзеге асырды. 2002 жылғы 01-сәуірде Қоғамға Ұлттық Банкпен № 0406200238 лицензия берілді. 2005 ж. 15-шілдеде «Зерде» ААҚ атауын «Зерде» АҚ-на өзгертумен байланысты №0406200410 лицензиясына айырбасталды.

«Зерде» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 24-қарашадағы шешімімен қоғамның тіркеушілер жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруы тоқтатылды, Қоғамның басқа

қызмет түрлері өзгертіліп, бекітілді: 1. Инвестициялық қызмет, маркетингтік қызмет, менеджмент, факторинг, франчайзинг; 2. Шаруашылық жасаушы субъекттердің активтерін басқару; 3. Коммерциялық негізде іскерлік кездесулерді, симпозиумдарды, кеңестерді және бизнес-турларды ұйымдастыру және өткізу; 4. Делдалдық қызмет, заңды және жеке тұлғаларға ақылы қызметтер көрсету, соның ішінде консультациялық, ақпараттық, тұрмыстық, көлік, қызметтерін көрсету, туризмді ұйымдастыру және басқа да сервистік қызмет көрсету түрлері және басқалар.

«Зерде» АҚ-на берілген № 0406200410 лицензия әрекеті ҚР-ның Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттік Басқармасының №90 2006 жылғы 25-наурыздағы қаулысы негізінде тоқтатылды.

2006 жылғы 30-мамырдағы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімімен «Зерде» АҚ атауы «Kazsat» АҚ-на өзгертілді, Қоғам Жарғысы жаңа оқылымда бекітілді және 30.06.2006 жылы Қоғамды мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді.

Қазіргі уақытта Қоғам қызметінің негізгі түрі бағалы қағаздар нарығындағы инвестициялық қызмет болып табылады.

Бұдан басқа, Қоғам Жарғыға сәйкес келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) Бағалы қағаздар рыногындағы инвестициялық әрекеттер;
- 2) Маркетингтік қызмет, менеджмент, франчайзинг, шаруашылық етуші субъекттердің активтерін басқару;
- 3) Қазақстан Республикасында және шетелде әр түрлі мүліктерді иемдену және иеліктен айыру, құрылыс салушы немесе жалға алушы құқығында жер телімдерін алу, сондай-ақ құрылыстарды және жекелеген үй-жайлар құрылысын салу, жалгерлік;
- 4) Пайдалы қазбалардың кен орындарын барлау және әзірлеу;
- 5) Мұнай өңдеу;
- 6) Мұнай өнімдерін сату;
- 7) Ғылыми-техникалық өнімді, экономикалық және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және сату;
- 8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызмет;
- 9) Шикізаттық, ауыршаруашылық, өнеркәсіптік тауарларымен және жартылай фабрикалармен, қайталама шикізатпен, машинамен және жабдықпен, азық-түлік тауарларымен, отынмен және құрылыс материалдарымен, басқа да тауарлармен, олардың туындылармен сауда және көтерме, бөлшек сауданы қоса алғанда, сауда саласындағы делдалдық;
- 10) Тамақ өнімдерін өндіру, сатып алу, сақтау, өңдеу және сату;
- 11) Ағаш-ара материалдарын, және олардан бұйымдарды өндіру, дайындау және сату;
- 12) Коммерциялық негізде іскерлік кездесулерді, симпозиумдарды, кеңестерді және бизнес-турларды ұйымдастыру және өткізу;
- 13) Делдалдық қызмет, заңды және жеке тұлғаларға ақылы қызметтер көрсету, соның ішінде консультациялық, ақпараттық, тұрмыстық, көлік, қызметтерін көрсету, туризмді ұйымдастыру және басқа да сервистік қызмет көрсету түрлері;
- 14) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызмет.

8. Эмитентке немесе онымен шығарылған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктерімен берілген рейтингтердің бар-жоқтығы туралы мәліметтер: Қоғамда халықаралық немесе отандық рейтингтік агенттіктерінің рейтингтері жоқ. Қоғамда қаржы агенттігі мәртебесі жоқ.

9. Акционерлік қоғамның барлық филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жерлері және пошталық мекен-жайлары: Қоғамда филиалдар мен өкілдіктер.

10. Аудиторлық ұйымдардың толық ресми аттары (аты, жөні) орындауші финанстық эмитент есебі оңы кімге жататындығы (ассоциациялар, палата). Қаржылық есептілік аудитін аудитор Ахметова С.К. жүзеге асырды, «Торелик» аудиторлық компаниясы, 22.06.1995 ж. № 0000138 аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия. Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер: № 35716-1910-ТОО, 2000 жылғы 10-қазан Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі.

Занды және финанстық сурақтар бойынша консультанттардың толық ресми аттары, кімдермен келесім жасалды, қандай қызметтер үшін және қандай коллегияғы жататындығы (ассоциация палата). **Консультантар-** «Қазақстан Финсервис» Акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі лицензия номиналды ұстаушы ретінде бағалы қағаздар рыногында клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға № 0401201397 05 наурызда 2007ж. берілген.

11. Корпоративтік басқару кодексін қабылдау туралы ақпарат: Корпоративтік басқару кодексі Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 2005 жылғы 24-қарашадағы шешімімен қабылданып, бекітілді, № 12 хаттама.

II. Эмитенттің басқару органдары.

12. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы: Қоғам органдары:

жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы; басқару органы - Директорлар кеңесі; атқарушы орган – Президент; бақылау органы - ішкі аудит қызметі (Директорлар кеңесінің шешімі бойынша құрылады).

Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа оқылымда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен бірге Директорлар кеңесіне сыйақылар мөлшерін және төлеу шарттарын анықтау;
- 6) Қоғам аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды анықтау;
- 7) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 8) есептік қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту;
- 9) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабының 5-тармағында көзделген жағдайлар болған кезде Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;
- 10) Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 және одан да артық пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 11) Қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысына шақыру туралы құлақтандыру нысанын анықтау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 12) Қоғам акцияларды сатып алу кезінде акциялар құнын анықтау әдістемесін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес бекіту;
- 13) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 14) Қоғам қызметі туралы ақпаратты акционерлерге беру тәртібін анықтау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
- 15) шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысына шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) акцияларды орналастыру (сату) туралы, соның ішінде жарияланған акциялар санының шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды қоғамның сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын-ала бекіту;
- 6) жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және есептік қаржы жылына төленетін дивидендтерді қоспағанда, бір жай акцияға дивиденд мөлшерін анықтау;
- 7) қоғам облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау;
- 8) Қоғамның ұйымдастырушылық құрылымын бекіту;
- 9) Президентті сайлау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 10) Президенттің лауазымдық айлықтарының мөлшерін және еңбекті төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын анықтау;
- 11) Ішкі аудит қызметін құру туралы шешім қабылдау;
- 12) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегін төлеу және сыйлықақы беру мөлшерін және шарттарын анықтау;
- 13) Қоғамның өзге де органдарын құру туралы шешім қабылдау;
- 14) бағалаушы мен аудиторлық ұйым қызметін төлеу мөлшерін анықтау;
- 15) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Президентпен қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданған құжаттарды қоспағанда);
- 16) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 17) қоғамның басқа ұйымдарды құру және олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

- 18) қоғам міндеттемелерін оның өзіндік капиталының он және одан артық пайызын құрайтын мөлшерге ұлғайту;
- 19) бұрынғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда, Қоғам тіркеушісін таңдау;
- 20) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттарды анықтау;
- 21) ірі мәмілелерді және жасауға Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
- 22) акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмаған, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәселелер.

Президент ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асырады және Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен және Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған қоғам қызметінің кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы және:

- 1) Үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғам атынан сенімхатсыз іс-қимыл жасайды;
- 2) Үшінші тұлғалармен Қоғамның қарым-қатынасында Қоғам мүддесін білдіру құқығына сенімхаттар береді;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 4) қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерін қоспағанда, қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазаларды салады, қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықтарының мөлшерін және қоғамның штаттық кестесіне сәйкес айлықтарға жеке үстемелерді белгілейді, қоғам қызметкерлеріне сыйақылар мөлшерін анықтайды;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, осы органдарымен өзіне берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін **Ішкі аудит қызметі** құрылады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына және Президент қызметіне сайлана алмайды.

Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

Қазіргі сәтте Ішкі аудит қызметі қалыптасу сатысында болып табылады.

13. Директорлар кеңесінің мүшелері:

Директорлар кеңесі мүшесінің аты-жөні және туылған жылы	Осы уақыттағы және соңғы үш жылда істеген қызметтері хронологиялық тәртіпте	Эмитенттің жарғылық капиталға қатысу үлесі (%)	Еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу үлесі (%)	Келесі 12 айға* және алдыдағы 3 айға* жоспарланған сыйақы (мың теңгемен)
Сагнаев Арман Муратович 1970 ж.т.	«Астана-Бәйтерек агенттігі» ЖШС, Директор; «А-Строй» корпорациясы» ЖШС, Директор «Kazcat» АҚ Директорлары кеңесінің Төрағасы (30.05.2006 ж. бастап осы уақытқа дейін)	-	50%	
Жансаитова Бахыт Алтынгазиевна 1984 ж.т.	2005 ж. бастап – «ЦентрКредит Банкі» АҚ; менеджер; «Kazcat» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тауелсіз директор (30.05.2006 ж. бастап осы уақытқа дейін)	-	-	
Алпысов Болат Кенесович 1972 ж.т.	2003-2005 жж. «СтандартойлСнаб» ЖШС, директор орынбасары; 2005-2006 жж. «Стандарт-Комплект» ЖШС, директор; «Kazcat» АҚ Президенті және Директорлар кеңесінің мүшесі; «Kazcat» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (30.05.2006 ж. бастап осы уақытқа дейін)	-	-	

Баймуратов Уразгельды Баймуратович	2005 ж. Директорлар кеңесінің құрамынан шықты.	-	-	-
Аскаров Тулеген Кадырбергеневич	2005ж. Директорлар кеңесінің құрамынан шықты.	-	-	-
Челдыбаева Лаура Муратовна	2006ж. Директорлар кеңесінің құрамынан шықты.	-	-	-
Калинин Дмитрий Геннадьевич	2006ж. Директорлар кеңесінің құрамынан шықты.	-	-	-
Шалабаев Адиль Еркинович	2006ж. Директорлар кеңесінің құрамынан шықты.	-	-	-

* - облигациялар шығарылымы туралы шешім қабылдаған күннен бастап алдыңғы және соңғы күндер.

14. Атқарушы орган (Президент).

Аты-жөні және туылған жылы	Осы уақыттағы және соңғы 2 жылда істеген қызметтері	Эмитенттің жарғылық капиталдағы үлесі (%)	Еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу үлесі (%)	Келесі 12 айға* және алдыдағы 3 айға* жоспарланған сыйақы (мың теңгемен)
Алпысов Болат Кенесович, 1972 ж.т.	07.06.2006 ж. бастап – «Kazcat» АҚ-ның Президенті, 30.05.2006ж. бастап - «Kazcat» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 2005-2006 жж. «Стандарт-Комплект» ЖШС, директор; 2003-2005 жж. «СтандартойлСнаб» ЖШС, директор орынбасары.	-	-	1403 мың теңге (350 мың теңге)

*- облигациялар шығарылымы туралы шешім қабылдаған күннен бастап алдыңғы және соңғы күндер.

15. «Kazcat» АҚ –акционерлік қоғамдар осы пунктінде информацияны бермеіды.

16. Директорлар кеңесі орындауші бөлемдер мүшелеріне төленетін сыйақылар. Төленетін сыйақылар болғанжок.

17. Акционерлік қоғамның ұйымдастырушылық құрылымы:

а) басшылық

Істейтін лауазымы	Тегі, аты, әкесінің аты, туылған жылы
Президент	Алпысов Болат Кенесович, 1972 ж.т.

б) Қоғамның негізгі құрылымдық бөлімшелері

Бөлімше атауы	Бөлімше басшысының аты-жөні, туылған жылы
Экономика және қаржы департаментінің директоры	Жумадилова Акмарал Еркінбаевна, 1975г.
Бухгалтерлік есеп басқармасының бастығы	Смагулова Корлан Климовна, 1967ж.
Тараптама және мониторинг жоба басқармасының бастығы	Жартыбаева Галия Абдулкасымовна, 1965ж.
Риск басқармасының бастығы	Сағымбай Бауржан Дулатұлы, 1985ж.

01.04.07ж. Қоғам қызметкерлерінің жалпы саны 9 адамды құрайды.

III. Эмитент акционерлері (қатысушылары) және еншілес-үлестес тұлғалары.

18. Эмитент акционерлері (қатысушылары): Акционерлердің жалпы саны – 30 заңды және жеке тұлғалар.

1) Эмитент үлесінің (орналастырылған және дауыс беруші акцияларының) 10 және одан артық пайызын иемденуші акционерлер (қатысушылар):

№ р/б	Акционер-заңды тұлғаның толық және қысқартылған атауы немесе акционер-жеке аты-жөні	Акционердің (іс жүзіндегі) заңды мекен-жайы/тұрғылықты жері	Үлесі (орналастырылған және дауыс беруші акциялар)
1	«Capital Hotels» Ақ	Алматы қ., Самал-1 ықш., 30-үй, 38-пәтер	60,40 %
2	Калдаманов Нурлан Боранбаевич	Астана қ., Жеңіс даңғылы, 115-үй, 215-пәтер	22,21 %

2) Акционер болып табылмайтын, бірақ Қоғам қызметін басқа ұйымдар арқылы бақылау құқығына ие тұлғалар жоқ. Қоғамның дауыс беруші акцияларының 10 және одан артық пайызына тікелей немесе жанама иелік етуші және шарт негізінде немесе өзге тәсілмен Қоғаммен қабылданатын шешімдерге дауыс беру немесе ықпал ету мүмкіндігі бар акционерлер жоқ.

19. Акциялардың 10 және одан артық пайызына эмитент иелік ететін заңды тұлғалар туралы мәліметтер:

Заңды тұлға атауы	Заңды тұлғаның орналасқан жері	Жарғылық капиталға қатысу үлесінің пайыздық ара-қатынасы	Қызмет түрі	Басшысының аты-жөні
"Корпорация А-Строй" ЖШС	Астана қ., Алматы ауданы, Иманов көшесі, 155-үй	100%	Жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын салу, жобалау	Сагнаев Арман Муратович

20. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтері, концерндері, қауымдастықтары, консорциумдары туралы ақпарат: Эмитент қандай да бір өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтарына, холдингтеріне, концерндеріне, қауымдастықтарына, консорциумдарына қатыспайды.

21. Эмитенттің басқа еншілес-үлестес тұлғалары туралы мәліметтер: Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылатын жеке тұлғалармен жақын туыстықтағы жеке тұлғалар.

Лауазымды тұлғалар
«Kazcat» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

1. Сагнаев Арман Муратович

Аты-жөні	Туыстығы, сүйек шатысы
Сагнаев Мурат Хамидович, 19.03.1940 ж.т.	әкесі
Алпысбаева Нагима Кенжибековна, 01.01.1943 ж.т.	анасы
Сагнаева Анара Муратовна, май 1973 ж.т.	қарындасы

2. Жансаитова Бахыт Алтынгазиевна

Аты-жөні	Туыстығы, сүйек шатысы
----------	------------------------

Жансаитов Алтынгазы Жапказиевич, 25.05.1951 ж.т.	әкесі
Жансаитова Менкебану Жолшаровна, 17.11.1954 ж.т.	анасы
Жансаитов Ерлан Алтынгазиевич, 27.05.1976 ж.т.	ағасы
Карымсакова Баян Алтынгазиевна, 24.01.1975 ж.т.	әпкесі

3. Алпысов Болат Кенесович

Аты-жөні	Туыстығы, сүйек шатысы
Алпысов Кенес, 18.12.1940 ж.т.	әкесі
Алпысова Маулия, 05.12.1942 ж.т.	анасы
Алпысов Қайрат Кенесович, 21.11.1966 ж.т.	ағасы
Алпысова Светлана Кенесовна, 01.06.1968 ж.т.	әпкесі

«Kazcat» АҚ Президенті

Алпысов Болат Кенесович

Аты-жөні	Туыстығы, сүйек шатысы
Алпысов Кенес, 18.12.1940 ж.т.	әкесі
Алпысова Маулия, 05.12.1942 ж.т.	анасы
Алпысов Қайрат Кенесович, 21.11.1966 ж.т.	ағасы
Алпысова Светлана Кенесовна, 01.06.1968 ж.т.	әпкесі

«Capital Hotels» АҚ Бас директоры

Сейітсәданов Азамат Бакытпекулы, 27.06.1983 ж.т.

Аты-жөні	Туыстығы, сүйек шатысы
Сейітсәданов Бакытпек Сейітсәданович, 23.02.1956 ж.т.	әкесі
Сейітсәданова Қайша Кокеновна, 23.02.1956 ж.т.	анасы
Сейітсәданов Асхат Бакытпекулы, 27.06.1979 ж.т.	ағасы

«Capital Hotels» АҚ Бас бухгалтері

Атагулова Акмарал Қадирғалиевна 21.04.1979 ж.т.

Аты-жөні	Туыстығы, сүйек шатысы
Атагулова Гульнар Мурзагуловна, 22.12.1951 ж.т.	анасы

Акционер

Қалдаманов Нурлан Боранбаевич 28.07.1978г.

Аты-жөні	Туыстығы, сүйек шатысы
Қалдаманов Боранбай Аубакирович, 13.01.1953 ж.т.	әкесі
Қалдаманова Умиткер Мукановна, 16.05.1954 ж.т.	анасы
Қалдаманова Асель Боранбаевна, 10.05.1977 ж.т.	әпкесі
Қалдаманов Маргулан Боранбаевич 02.02.1980 ж.т.	ағасы
Қалдаманова Гульмира Турабековна, 03.03.1984 ж.т.	жубайы

22. **Еншілес-үлетес тұлғалардың қатысуымен мәмілелер:** Эмитенттің қатысуымен еншілес-үлетес тұлғалардың қатысуымен мәмілелер соңғы жылда өткізілген жоқ.

IV. Эмитент қызметінің сипаттамасы .

23. **Эмитент қызметіндегі, соның ішінде эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша жалпы үрдістің қысқаша сипаттамасы:** Осы сәтте Қоғам қызметінің негізгі түрі инвестициялық қызмет, шаруашылық етуші субъекттердің активтерін басқару болып табылады.

Бүгінгі күнде инвестициялық девелопмент, инвестициялық портфельді басқару, девелоперлік қызметтерді көрсету, бағалы қағаздар нарығындағы инвестициялық қызмет сияқты бағыттар бойынша компания қызметі белсенденіп келеді.

«Жылжымайтын мүлік» және «Бағалы қағаздар нарығы» бағыттары бойынша инвестициялар компанияның инвестициялық қызметіндегі басты басымдықтардың бірі болып табылады.

Компания өз қызметін тұрғын үй және коммерциялық жылжымайтын мүлікке межелі инвестициядан бастап, және күрделі құрылыс объектілері деңгейіне шыға отырып, құрылыс ұйымдары

үшін сенімді әріптес, өзіне қабылдаған міндеттердің орындалуы үшін күдіксіз жұмыс істеуге болатын әріптес беделін қалыптастырады. Риэлторлық қызметтер бағытын дамыту Компанияға жылжымайтын мүлік нарығындағы барлық сегменттердегі сұранысты қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Компания қаржы салып, әрі офистік-сауда және тұрғын үй объектілері құрылысына арналған жер телімдеріне қаржыны инвестициялау жобаларын қарастырып жатыр. Компания жоспарларында өз қызметін әртараптандыру – Басқарушы компания қызметін және Жылжымайтын мүлік девелоперлік қызметті орындау бар. Жылжымайтын мүлік объектілерімен жұмысқа көзқарастың әмбебаптылығы Компанияға құрылыс нарығындағы инвестициялау нұсқасын таңдауға шығармашылық жағынан қарауға, ал клиент қажеттіліктерін білу инвестициялау нәтижелерінің қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жылжымайтын мүлік нарығын серпінді түрде дамыту тікелей жалгерліктен, сол сияқты жылжымайтын мүлік объектісінің өзін капиталға айналдыруды ұлғайтудан жақсы табыс алуға мүмкіндік береді. «Kazcat» АҚ қызметінің басқа түрі инвестициялық қызмет – ақша қаражаттарын акцияларға, жарналық инвестициялық қорларға салу болып табылады.

Бағалы қағаздар нарығының жұмыс істеуінің мақсаты – барлық қаржы нарықтарындағы сияқты – қаражатты қажет ететіндер мен артық табысты инвестициялағысы келетіндер арасында қажетті байланыстарды орнату жолымен экономикаға инвестицияны тарту үшін механизмнің бар болуын қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен бірге бағалы қағаздар нарығының инвестицияны қолдан-қолға (белгілі бар бағалы қағаздар түрінде ресімдеу) тиімді беруге жәрдем жасайтын механизмнің бар болуын қамтамасыз етуі өте маңызды.

Бүгінгі күнге басты конкуренттер: Холдинг «MERCUR», АҚ «Региональный инвестиционный центр «Градиент»» және басқалар. Олар жылжымайтын мүлік нарығын серпінді түрде дамыту тікелей жалгерліктен, сол сияқты жылжымайтын мүлік объектісінің өзін капиталға айналдыруды ұлғайтудан жақсы табыс алуға мүмкіндік береді.

24. Эмитентпен жасалған, салдарында эмитент қызметіне елеулі түрде әсер етуі мүмкін келісім-шарттар, келісімдер туралы мәліметтер: Эмитентпен жасалған, салдарында эмитент қызметіне елеулі түрде әсер етуі мүмкін келісім-шарттар, келісімдер туралы мәліметтер жоқ.

25. Эмитенттің қызметті жүзеге асыруы үшін онымен алынған лицензиялар, патенттер, рұқсаттар туралы мәліметтер, аталған құжаттың күнін және номерін, әрекет ету мерзімін және берген органды көрсете отырып: Эмитент қызметін жүзеге асыру үшін лицензиялар, патенттер және рұқсаттар қажет етілмейді.

26. Соңғы екі жылда немесе іс жүзінде өмір сүрген кезеңінде жеке немесе сандық өлшеу бірліктерінде қабылданған сатылған өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) көлемі. Соңғы екі жылда немесе іс жүзінде өмір сүрген кезеңінде эмитенттің сатылған өнімінің (орындалған жұмыстарының, қызметтерінің) көлеміндегі өзгерістерді талдау:

Табыс түрі	2005 жыл		2006 жыл		Алдыңғы жылға қатысты өзгерістер	
	2005 жыл	2006 жыл	2005 жыл	2006 жыл	2005 жыл	2006 жыл
Тіркеу қызметтерінен табыс	12429,0	1786,0	13,9	0,3	-10643,0	-13,6
Ағымдағы шоттар және орналастырылған салымдар бойынша сыйақылар түріндегі табыстар	139,0		0,2		-139,0	-0,2
Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі табыстар	17,0	2537,0		0,4	2520,0	0,4
Бағалы қағаздарды сатудан табыстар (шығындар)	18068,0	641189,0	20,2	98,8	623121,0	78,6
Сауда бағалы қағаздарының және қолдағы сатуға арналғандардың құнының өзгеруінен табыстар (шығындар)	-1431,0		-1,6		1431,0	-1,6
РЕПО операциясынан кірістер		2602,0		0,4	2602,1	0,4
Сатылған негізгі құралдардан кіріс		674,0		0,1	674,0	0,1
Басқа да табыстар	22,0	3695,0	0,0	0,6	3673,0	0,6
Табыстардың барлығы	89431,0	648788,0	100,0	100,0	559357,0	67,3
Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы (сыйлық) түріндегі шығындар	14354,0	807,0	17,2	0,1	-13547,0	-17,1
Қаржы активтерінің шығыны		625129,0		98,5	625129,0	98,5
Жалпы әкімшілік шығындар	69116,0	5315,0	82,8	0,8	-63801,0	-82,0

Басқа да шығындар	22,0	3695,0	0,0	0,6	3673,0	0,6
Барлық шығындар	83492,0	634946,0	100,0	100,0	-551454,0	0,0
Резервтерге (провизияларға) аударғанға дейінгі табыс (шығын)	5939,0	13842,0			7903,0	
Салық салғанға дейінгі табыс (шығын)	5939,0	13842,0			7903,0	
Бірлескен табыс салығы	1350,0	338,0			-1012,0	
Салық салғанға кейінгі таза табыс (шығын)	4589,0	13504,0			8915,0	
Кезең үшін таза табыс (шығын)	4589,0	13504,0			8915,0	

Соңғы екі жылдағы компания табыстарының құрылымын талдау жиынтық табыстың негізгі үлесі бағалы қағаздарды сатуға тиесілі екендігін куәландырады және 2006 ж. – 98% құрайды. Бағалы қағаздарды сатудан түскен табыстың үлестік салмағының елеулі түрде ұлғаюы басқа табыстарды төмендету есебінен болды. Табыстардың қалған түрлерінің үлесі бірдей.

Табыстар құрылымы өзгеруінің серпіні 2006 жылы өткен жылға салыстармалы түрде тіркеу қызметінен түскен табыстардың азаюы 13,6% болды және бағалы қағаздарды сатудан түскен табыстың үлестік салмағының өсуі 78,6% болды.

Жалпы алғанда 2006 ж. өткен жылға қатысты табыстардың басқа табыстардан 67,3% немесе 559 357 мың теңгеге көтеруі байқалады.

2006 ж. 13 504 мың теңге сомасына таза табыс алынды.

27. Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатудың (жұмыстың, қызметтің) табыстылығына жағымды және жағымсыз әсер ететін факторлар:

Жағымды факторлар:

Компания қызметінің тиімділігін көтеру факторы шығындарды оңтайландыру болып табылады. 2006 ж. жалпы әкімшілік шығындар мен сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы (сыйлық) түріндегі шығындар 90% дерліктей төмендетілді. Шығындарды жалпы төмендету 76 153 мың теңгені немесе 91,2% құрады.

Жағымсыз факторлар:

Акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті тоқтату.

28. Өз өнімін (жұмыстарын, қызметтерін) сатуды ұйымдастыру жөніндегі эмитент қызметі:

1) Үлесін пайызбен көрсете отырып, барлық жеткізулердің жалпы көлемінің 10% және одан артық пайызын құрайтын эмитент жеткізіп берушілерінің атауы және орналасқан жері. Бұл қайнар көздердің болашақта қол жетімдігіне қатысты болжамдар ұсынылуы тиіс.

(30.04.2007 ж.)

Жеткізіп берушінің атауы, орналасқан жері	Өнім атауы	Сома (мың теңгемен)	Үлес (%)
АҚ Казоргтехника	Бағалы қағаздар	162440	100%
Барлығы		162440	100%

2) Сатудың жалпы көлеміндегі үлестерін пайызбен көрсете отырып, эмитент өнімін (жұмысын, қызметін) сатудан түскен жалпы түсімнің 10% және одан артық үлесі бар тұтынушылардың атауы және орналасқан жері. Эмитент өнімін (жұмысын, қызметін) сатуға әсер ететін мүмкін болатын жағымсыз факторлар ашылып жатыр – жоқ.

29. Эмитент қызметіне әсер ететін кілтті факторлар:

1) эмитент қызметінің маусымдылығы, маусымдық сипаттағы эмитент қызметінің түрлері, эмитенттің жалпы табысындағы олардың үлесі: Қоғам қызметі маусымдық ауытқуларға тап болған жоқ;

2) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі импорт үлесі және сатылатын өнімнің жалпы көлеміндегі эмитентпен экспортқа

іске асырылатын өнімдер (жұмыстар, қызметтер) үлесі: Эмитент импорттық және экспорттық мәмілелер жасаған жоқ;

3) облигациялар шығарылымы туралы шешім қабылдаған күннен бастап алты ай ішінде жасалуы немесе орындалуы тиіс мәміле (мәмілелер) сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан асатын болса, аталған мәмілелер туралы мәліметтер: облигациялар шығарылымы туралы шешім қабылдаған күннен бастап алты ай ішінде жасалуы немесе орындалуы тиіс мәмілелер жоқ.

4) болашақ міндеттемелер. Эмитенттің болашақ міндеттемелері және бұл міндеттемелердің эмитент қызметіне болуы мүмкін жағымсыз әсерлері, соның ішінде үшінші тұлғалар кепілдіктерімен қамтамасыз етілген өзге эмитенттер облигациялары бойынша эмитент кепілдіктері туралы жағымсыз әсерлер, мұндай эмитент, облигациялар саны, кепілдік шарттары, өтеу күні және кепілдік берілген шығарылым валютасы туралы ақпаратты қоса алғанда, ашылып жатыр: Эмитентте болашақ міндеттемелер жоқ;

5) Эмитенттің сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер. Эмитенттің қатысуымен нәтижесі бойынша эмитент қызметін тоқтату немесе шектеу, оған ақшалай немесе өзге міндеттемелерді жүктеу болуы мүмкін сот процестерінің мәнін сипаттауды беру керек: Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде азаматтық, қылмыстық, шаруашылық немесе әкімшілік сот өндірісінің сот процестеріне талапкер, жауапкер, мүдделі тұлға, үшінші тұлға ретінде қатысқан және тартылған жоқ;

6) Эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына уәкілетті мемлекеттік органдармен және (немесе) сотпен соңғы жыл ішінде салынған барлық әкімшілік санкциялар туралы мәліметтер. Санкцияны қолдану күнін, санкцияны қолданған органы, санкция себептерін және санкция түрі мен мөлшерін, сондай-ақ санкцияның орындалу деңгейін көрсету керек: проспектіні беру сәтінде компанияға әкімшілік жазалар салынған жоқ;

7) Тәуекел факторлары. Облигация ұстаушыларына әсер етуі мүмкін тәуекел факторларын толық талдауды ұсыну керек:

Экономикалық

Қоғам экономиканың бұл секторындағы жеткілікті түрде бәсекеге қабілетті болып табылады. Қоғам ресурстарды тарту және орналастыру аумағындағы өз саясатын жасау кезінде елдің және Қоғам қатысатын аймақтарды экономикалық дамыту болжамдарына негізделеді.

Кейбір экономикалық факторлар Қоғам қызметіне кейбір ықпал көрсетуі мүмкін. Көбінесе, Республикадағы жалпы экономикалық жағдайлармен байланысты тәуекелдерді бөлу керек. Мемлекеттегі макроэкономикалық жағдай, экономиканы экономикалық дамыту қарқынын төмендету өткізу нарығының тарылуына, халықтың сатып алушылық қабілетінің төмендеуіне, операциялардың табыстылығының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Валюталық

Қоғам өнімдерін жеткізу қазақстандық теңгемен жасалды. Сондай-ақ сыртқы экономикалық келісім-шарттар бойынша валюталық міндеттемелер жоқ. Валютаның тұрақсыз бағамы сату көлеміне және Қоғамның қаржылық жағдайына елеулі әсер етпейді.

Инфляциялық

Халық табысы деңгейінің өзгеруі, тұтыну бағасының индексі, инфляция Қоғам қызметіне анағұрлым әсер етеді. Өнімнің негізгі тұтынушылары халық тұтынысындағы тауарларды өндірушілер болып табылатындықтан негізгі өнім сұранысының төмендеуі тәуекелі бар.

Бәсекелестік әсері

Балама қызмет түрлерін жүзеге асыратын компаниялардың бар болуы іске асыру деңгейін елеулі түрде төмендетеді. Бірақ, тұтынушылармен оңтайландырылған байланыстар, ұзақ мерзімді келісім-шарттар, сапалы дайын өнім, өндіріс көлемінің өсуі болғандықтан Қоғамның бәсекеге қабілеттілігі елеулі түрде нығайып келеді.

Саяси

Қоғам қызметіне әсер ету заңнамада өзгертулер әкелуі мүмкін. Саяси бағытты, жаңа президентті, парламентті, үкіметті өзгерту мүмкіндігі әрқашанда бар. Бағалы қағаздар нарығындағы заңнаманы өзгерту Қоғам акцияларының құнына әсер етуі мүмкін, салықтық және өзге ережелерді енгізу салдарынан инвестициялық климатта өзгерістер болуы мүмкін.

Әлеуметтік

Әлеуметтік тәуекел жүйелік тәуекелге, яғни жалпы экономикалық сипаты бар тәуекелге жатады, осыған байланысты көптеген өндірушілер осы тәуекелге тап болады. Әлеуметтік тәуекелдер адамдық факторлармен байланысты. Қоғам қызметкерлері білікті, олардың өндірістің аталған аумағында жеткілікті жұмыс тәжірибесі бар. Бұл жұмыс сапасының деңгейін елеулі түрде көтереді.

V. Эмитенттің қаржылық жағдайы.

30. Баланстық құны материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнының 5 және одан артық пайызын құрайтын материалдық емес активтер түрлері:

Материалдық емес актив түрі	Қалдық (баланстық) құны (мың тг)	Материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнындағы үлесі (%)
Бағдарламалық қамтамасыз ету 1-С ,бухгалтерия	26,1	46,6
Бағдарламалық қамтамасыз ету 1-С ,бухгалтерия	29,9	53,40
Барлығы	56	100

31. Баланстық құны негізгі құралдардың жалпы баланстық құнының 5 және одан артық пайызын құрайтын негізгі құралдар түрлері:

Негізгі құралдар түрлері	Қалдық (баланстық) құны (мың тг)	Жалпы баланстық құндағы үлесі (%)
Toyota Land Cruiser 100 GX автомашинасы №: 000000006	6 059,1	10,4
Жер	3 722,8	6,4
Тұрғын үй, Иманов көшесі, 159/1	9 770,1	16, 7
Офис ғимараты, Иманов көшесі, 155	38 865,8	66,5
БАРЛЫҒЫ	58 417,0	100

32. Инвестициялар:

Инвестиция түрі	Баланстық құны (мың тг)
Сауда үшін арналған бағалы қағаздар портфелі, барлығы:	162 440
Соның ішінде:	
Мемлекеттік	-
Мемлекеттік емес	162 440
Басқа да бағалы қағаздар, барлығы:	
Соның ішінде:	
Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар:	
Мемлекеттік	-
Мемлекеттік емес	-
Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар:	162 440
Мемлекеттік	-
Мемлекеттік емес	162 440
Барлық инвестициялар:	

33. Дебиторлық берешек:

№ р/б	Атауы	Дебиторлық берешек сомасы (мың теңге)
1	Калдаманов Нурлан Боранбаевич	388 660 ,0
2	Шайкаков Д.Ж.	147 000 ,0
3	Profit Capital FZE	33 937,2
4	Build Contraction	67 839,4
		637 436,6

34. Эмитенттің жарғылық және өзіндік капиталының мөлшері: 01.04.07ж. Банктің төленген жарғылық капиталының мөлшері 874 100 мың теңгені құрайды, өзіндік капитал – 895 255 мың теңге.

35. Қарыздар: «KAZCAT» АҚ көрсетілген кезеңде қарыздар тартылған жоқ.

36.Кредиторлық берешек:

№ р/б	Атауы	Кредиторлық берешек сомасы (мың теңге)
1	Нотариальдық палата, Астана қ.	3 570,0
	БАРЛЫҒЫ	3 570,0

VI. Бағалы қағаздар шығарылымы туралы мәліметтер .

37. Бағалы қағаздар шығарылымы туралы мәліметтер.

Шығарылым №	Бағалы қағаз түрі	Эмиссия құрылымы: Шығарылым көлемі Шығарылатын акциялардың (облигациялардың) жалпы саны Белгілі бір номиналдағы шығарылатын акциялардың (облигациялардың) саны	№ және уәкілетті органмен тіркеу күні
I	Жай атаулы акциялар	75 000 мың тг. 75 000 000 дана	№ 02-2-4/7212 23.10.2000 ж., Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия, НИН KZ1C43150415
II	Жай акциялар	1 500 000 мың тг. 1 500 000 000 дана	№ А4315 21.12.05ж. Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі, НИН KZ1C43150016 (31.08.2006 ж. Қоғам атауын өзгертумен байланысты куәлікті алмастыру)

07.03.2003 ж. Қоғам акциялары «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-ның ресми тізімінің «В» санатына кіргізілген.

01.04.07ж. 874 000 мың теңге сомасына 874 000 000 дана жай акциялар орналастырылған. Қоғам өз акцияларын сатып алған жоқ. Қоғамның акцияларды сатып алуы кезінде акцияларды сатып алу және акция құнын анықтау әдістемесі 2005 жылғы 24-қарашадағы Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен анықталып, бекітілген, № 12 хаттама.

Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактлері жоқ.

Бағалы қағаздар шығарылымы сәтінен бастап олар тоқтатылған жоқ, өткізілмеген немесе жойылған болып танылған жоқ.

Қоғамда алдыдағы тіркелген облигациялар шығарылымы жоқ.

2005 жылы бір акцияға дивиденд мөлшері 0,02 теңгені құрады, 2006 жылғы 30-мамырдағы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешіміне (№ 13 хаттама) сәйкес қаржы жылының қорытындысы бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылданды.

2006 жылы бір акцияға дивиденд мөлшері 0,02 теңгені құрады.

Қоғам акциялары ұйымдастырылған, сол сияқты ұйымдастырылмаған нарықта жазылу және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-ның «В» листингінің мамандандырылған сауда-саттығында жазылу жолымен орналастырылады.

Жай акция акционерге келесі құқықтарды береді:

- заңнамада және Қоғам Жарғысында көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысу;
- дивидендтер алу;
- Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы немесе жарғымен анықталған тәртіпте Қоғам қызметі туралы ақпаратты алу, соның ішінде Қоғамның қаржылық есебімен танысу,
- тіркеушіден немесе номиналдық ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына өзінің меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алу;
- Қоғам органдарының қабылдаған шешімдерін сот тәртібімен даулау;
- Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салулармен жүгіну, және Қоғамға сұрау түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алу;
- Қоғам таратылған жағдайда, Қоғам мүлкінің бөлігіне;
- Қоғам акцияларына заңнамада белгіленген тәртіпте айырбасталатын қоғам акцияларын немесе өзге бағалы қағаздарын артықшылықты сатып алу;
- қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидаттарды ұсынуға;
- акционерлердің ҚР-ның қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

VII. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер .

38. Облигациялар туралы мәліметтер:

1) **Облигация түрі:** купонды облигациялар, қамтамасыз етусіз;

2) **Шығарылатын облигациялар саны және облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:**

- Шығарылатын облигациялар саны – 5 000 000 дана
- Облигациялар шығарылымның жалпы көлемі - 5 000 000 000 (бес миллиард) теңге

3) **Бір облигацияның номиналдық құны:** 1000 (мың) теңге

4) **Облигациялар бойынша сыйақы:**

- Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі – номиналдық құннан жылдық 10%;
- Сыйақыны есептеу басталатын күн – облигация айналысының басталу күнінен бастап;
- Сыйақы мерзімділігі және төлеу күні – сыйақыны (купонды) төлеу облигация айналысының басталу күнінен бастап айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына екі рет әрбір 6 (алты) айда төленеді;
- Оны төлеу тәртібі және шарттары – сыйақы (купон) теңгемен облигация ұстаушыларының банктік деректемелері бойынша ақшаны аудару жолымен облигация ұстаушылары тізілімі бекітілген күннен кейінгі 10 күнтізбелік күн ішінде төленеді;
Сыйақыны алуға төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басталу жағдайында облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген тұлғалардың құқығы бар;
- Егер инвестор ҚР-ның бейрезиденті болып табылса, купондық сыйақыны төлеу ҚР-ның аумағында банктік шоты болған жағдайда теңгемен жүзеге асырылады, теңге сомасын өзге валютаға айырбастау жөніндегі шығындар инвестор есебінен жүзеге асырылады;
- сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі – сыйақыны (купонды) төлеу 360/30 (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) уақыттық базасы есебінен жүзеге асырылады;
- индекстелген облигацияларды шығару кезіндегі есептеу тәртібі – эмитент облигациялары индекстелмейді;

5) **облигациялар айналысы және оларды өтеу туралы мәліметтер:**

- облигациялар айналысының мерзімі және оларды өтеу шарттары – 5 жыл, айналыстың басталу күнінен бастап.
- Айналыстың басталу күні – облигацияларды ҚҚБ-ның «В» ресми тізіміне енгізу күні;
- Облигацияларды өтеу күні – «Алматы қаржы орталығы» АҚ, ҚР, Алматы қ., Фурманов көшесі, 103-үй;
- Облигацияларды өтеу тәсілі – облигациялар номиналдық құны бойынша теңгемен соңғы купондық сыйақыны бір уақытта төлей отырып, облигациялар ұстаушылары тізілімін бекіткен күннен кейінгі 10 күнтізбелік күн ішінде облигацияларды ұстаушылардың банктік деректемелері бойынша ақшаны аудару жолымен өтеледі;

- егер инвестор ҚР-ның бейрезиденті болып табылса, облигацияларды өтеу ҚР-ның аумағында банктік шоты болған жағдайда теңгемен жүзеге асырылады, теңге сомасын өзге валютаға айырбастау жөніндегі шығындар инвестор есебінен жүзеге асырылады;

5-1) облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі:

- облигацияларды жазылу жолымен орналастыру кезінде облигациялар үшін төлеу тәртібі мен шарттары Эмитент пен инвестор арасында жасалатын сатып алу-сату шарттарында көрсетіледі;
- облигацияларды ҚҚБ-ның сауда алаңында арнайы сауда-саттық арқылы орналастыру кезінде төлем Биржаның ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады;
- облигациялар ақшамен қолма-қол емес нысанда Эмитенттің банктік шотына төленеді;

5-2) облигациялар бойынша қамтамасыз ету - облигациялардың бұл шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады;

5-3) арнайы қаржы компаниясы облигацияларының шығарылымы туралы мәліметтер - Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды;

5-4) облигациялар ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер – облигацияларды ұстаушылардың өкілі жоқ;

5-5) инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер - Эмитент облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды;

5-6) облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі – облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу эмитент тіркеушісі «Бағалы қағаздарды тіркеу жүйесі» АҚ (10.03.2005ж. №0406200342 лицензия) жүзеге асырады. Тіркеушінің орналасқан жері: Алматы қ., Мұратбаев көшесі, 75, байланыс телефоны (3272) 253-57-90, 2003 жылғы 05-қаңтардағы №000-В2258 тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызметтерді көрсетуге шарт.

5-7) төлем агенті туралы мәліметтер – Эмитентте төлем агенті жоқ;

б) әрбір облигациямен оның ұстаушысына берілетін құқықтар, көрсете отырып:

Облигация ұстаушысының келесі құқықтары бар:

- облигация айналысының мерзімі соңында облигацияның номиналдық құнын алу;
- осы облигациялар шығарылымы проспектісімен көзделген мерзімдерде облигацияның номиналдық құнынан бекітілген пайыздарды (сыйақыны) алу;
- ҚР-ның заңнамасында көзделген тәртіпте ақпарат алу құқығы;
- ҚР-ның заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте өз талаптарының қанағаттандырылу құқығы;
- Облигацияларды еркін иеліктен айыру және өзгеше билік ету құқығы;
- Облигацияларға меншік құқығынан шығатын өзге де құқықтар.

Облигациялар шығарылымының шарттары оларды мерзімінен бұрын өтеуді көздемейді.

7) Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар және қандай шарттарда облигация ұстаушылары облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы бар:

- Облигациялар бойынша сыйақыны (купонды) және/немесе номиналдық құнды осы проспектіде белгіленген сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу мерзімдерінің аяқталған күнінен кейінгі күннен бастап саналатын 10 күнтізбелік күн ішінде төлемеу немесе толық емес төлеу;
- Осы проспектіде белгіленген мерзімдерде сыйақыны (купонды) және/немесе негізгі борышты төлемеген және толық емес төлеген жағдайда Эмитент осы шығарылым облигацияларының ұстаушыларына ақша міндеттемесін немесе оның бөлігін орындау күнінде ҚР-ның Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесіне негізделі отырып, есептелетін өсімді әрбір мерзімі өткізілген күнге;
- Дефолт жарияланған кезде Эмитент дефолттың пайда болуы себептерін жою және облигация ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күшін салады;

8) Опциондар туралы ақпарат – опциондар көзделмеген.

39. Айырбасталатын облигациялар: Айырбасталатын облигацияларды шығару және орналастыру көзделмеген.

40. Облигацияларды орналастыру тәсілі:

1) Облигацияларды орналастыру мерзімі және тәртібі:

- Орналастыру мерзімі - 5 жыл
- Облигацияларды орналастыру тәртібі – ұйымдастырылған, сол сияқты ұйымдастырылмаған нарықта;

2) Жазылу жолымен акцияларға айырбасталатын облигацияларды орналастыру шарттары – акцияларға айырбасталатын облигацияларды орналастыру көзделмеген;

3) Облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі – облигациялар бойынша құқықтарды есепке алуды эмитент тіркеушісі – «Бағалы қағаздарды тіркеу жүйесі» АҚ (10.03.2005 ж. №0406200342 лицензия) жүзеге асырады.

Тіркеушінің орналасқан жері: Алматы қ., Мұратбаев көшесі, 75, байланыс телефоны (3272) 253-57-90, 2003 жылғы 05-қаңтардағы № 000-В2258 тізілім жүйесін жүргізу жөніндегі қызметтерді көрсету шарты;

4) Облигацияларды орналастыруға қатысушы ұйымдар туралы мәліметтер – әзірше анықталған жоқ;

5) Төлем агенті туралы мәліметтер – Эмитентте төлем агенті жоқ.

41. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану – Облигациялар шығарылымынан алынған қаражаттар бағалы қағаздар нарығында және Қазақстан Республикасының қалаларында және шетелде азаматтық мақсаттағы құрылыс объектілері саласында инвестициялық қызмет үшін, сондай-ақ жылжымайтын мүлікті пайдаланудан табыс алу мақсатында жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуға пайдаланылады.

Нәтижесінде алынған ақшаны жоспарланған бөлуде қандай да бір шарттардың өзгеру ықтималдығы көзделмеген.

VIII. Қосымша ақпарат.

42. Облигациялар айналысындағы шектеулер: Облигациялар айналысындағы шектеулер, орналастырылған облигацияларды ықтимал сатып алушыларға қатысты шектеулер, соның ішінде облигацияларды орналастыру жорамалданған тұлғалар аясы – көзделмеген.

43. Облигациялар шығарылымына шығындар сомасы: Облигациялар шығарылымына шығындар сомасы шамамен 6,1 млн. теңгені құрайды және оған қаржы консультанты және андеррайтер, тәуелсіз тіркеуші қызметтерін төлеу және кіріс және жыл сайынғы листинг алымын және басқа да мүмкін болатын шығындарды төлеу кіреді.

Шығындар түрі	Есептеу базасы	Сома, теңге
Листингтік кіріс алымы	Жиынтық номиналдық құннан 0,025%, бірақ 100 ЕАК-тен төмен емес және 4 000 ЕАК-тен артық емес	1 250 000
Жыл сайынғы листинг алымы	Жиынтық номиналдық құннан 0,025%, бірақ 100 ЕАК-тен төмен емес және 2 000 ЕАК-тен артық емес	6 250 000
Андеррайтер қызметі	Орналастыру көлемінен 0,1 %	5 000 000
Тіркеуші және ЦД қызметтері	Келісім бойынша	53 776
Басқа да жүкқұжат шығындары: консультант, қаржы консультанты қызметтері	Келісім бойынша	700 000
Барлығы		13 253 776

44. Инвесторлар эмитент жарғысының көшірмесімен, облигациялар шығарылымының проспектісімен, облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есеппен және эмитент қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдары туралы таныса алатын орындар туралы ақпарат: Ықтимал инвесторлар қоғам жарғысымен және облигациялар шығарылымы проспектісімен Қоғамның іс жүзіндегі орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 19-үй, 8-қабат, 2 «Б» павильоны, «Нурлы-Тау» тұрғын үй ауданы-қала эспланадасы немесе Алматы қ., Достық даңғылы, 188, «Кулан» бизнес орталығы, 501- офісі мекен-жайы бойынша, сондай-ақ “Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттері бойынша таныса алады.

Президент

Алпысов Болат Кенесович

Бас бухгалтер

Смагулова Корлан Климовна

М.О.